

Б.Ш.БАЙМҮСАЕВА

МӘШҺҮР ЖҮСІП – ОЙШЫЛ АҚЫН

Атағы алты алашқа тараған, сегіз жасында-ақ Мәшһүр деген есімге ие болған Мәшһүр Көпеев ақын, халық ауыз әдебиетін жинаушы, публицист қана емес, ең алдымен дүниеге, қоғамға өзіндік көзқарасы бар философ дер едік. Мәшһүр үшін өлең – кеудесіне сыймаған ойларын, түйгендерін, ой қазанынан қайнап шыққан пайымдауларын жұртына сабақ болсын деп жеткізу құралы, өмірлік серігі. Сондықтан да ақынның философиялық жүйесінде тіл, сөз өнері басты орындардың бірін алады. Тіл ең әуелі «адамның адамшылық артықтығы», «Ұшқан құс, жүгірген аң – жануарлар Атанды бәрі хайуан тілі жоқтан» [1, 93]. Ескіше оқуы ұшан-теңіз Мәшһүрдің бұл өлең жолдары «Алла адамды жаратқан соң, оған дүниедегі заттардың бәрінің атын үйретіп, айтқызды» деген ежелгі діни аңызды еске түсіреді. Демек мылқау дүниеге үн бітірген – адам, оның тілі: «Дүниенің дүние болып тұрғандығы Әр нәрсе тауып орнын сөйлер сөзден» [1,73]. Ақынның бұл тұжырымы дүние жүзіне белгілі теолог ғалым А. Безанттың мына сөздерімен сабақтас келеді: «Сөз [Логос] – Әлемнің жаратылуы мен аяқталуы, оның жаратылу себебі мен мақсаты. Әлемнің арқауы – Сөз. Әлем Сөзбен шектелген кеңістікте өмір сүреді. Логос барлық нәрсеге таралған және барлығы Логоста жинақталған. Дүние жаратылуы туралы ілімнің сақтаушылары осылай деп үйретеді» [2,5].

Тіл – қуатты құрал, Мәшһүр үшін ең әуелі ойлау құралы. Осы қызыл тілдің қадірін жер бетіндегі басқа ұлттардан артықша бағалай білген қазақтың тіл киесі қонған бірлі-жарым ұлдарының асыл сөздерін зая кетіретініне жүрегі езіле қынжылады: «Талай алтын тот басып қалды-ау өтпей». Зер танитын зергердің жоқтығынан». Сөз – алмас қылыш, ұстай білмесең, қолыңды тіліп түседі: «Адамға пәле – тілден, бейнет – көзден» [1,73]. Мәшһүрше айтсақ, «Сөздің де жақсысы бар жан семіргер, өліп қалған көңілді сөз тірілтер» [1,73]. Сөзді көңіл дариясы түбіндегі гауһарға, мәуелі ағаш-шешендердің – жемісіне теңейді. Меруерт, маржан жай бір жатқан тас есепті болғанмен, қолға алынып, моншақ болып тізілсе, көздің жауып алатын өсем дүние болатыны секілді, «Әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөзді Түсірер жұрт көзіне өлең тізіп» [1,74]. Осылайша, Мәшһүр тілге құдырет беретін – жеке сөздер емес,

өсемдік зандылықтарына сүйене отырып «қиыннан қиыстырар ер данасы» [Абай] өлең сөз, сөздердің үйлесіммен орналасуы екенін де атап көрсеткен.

Философиялық категориялардың ең негізгілерінің бірі – өмір концепті Мәшһүр шығармашылығында халықтық дәстүрге сәйкес «заман», «дүние», «уақыт» мағыналарында қолданылады. Таратып айтар болсақ, өмір – фәни дүние (антоним: бақи дүние) байлауы жоқ, адам баласын жылтыраққа (дүние – мүлік, бір сәттік қуаныш) қызықтырып қойған жалған дүние. Мәшһүр теңеулері осы тұжырымға сәйкес таңдалады. «Дүние бір бұландаған қызыл түлкі, Қимайды таза жетсе кімнің мүлкі?» [1,132] «Түлкідей таудан қашқан бұлаң етіп, Жалған-ай өте шықтың қасымыздан» [1,96].

Қазақтың халықтық дүниетанымының дінгеі болған «дүние жалған» түсінігі діни қағидалармен ғана емес, қазіргі кезде әлем мойындап отырған, аршындап дамыған ғылым күн сайын жаңа гипотезалармен толықтырып отырған эзотерикалық ілімдер тұжырымдарымен де үндес келеді: физикалық әлемдегі физикалық денелер [оның ішінде адам да бар] өмірі – жалған өмір [майя-иллюзия], нағыз өмір – жан өмірі, адам өлім шекарасынан аттаған соң енетін трансценденттік өмір. Жер бетіндегі жалған дүниеге адам дүние, байлық жинау үшін емес, жан байлығын [тәжірибе] жинау үшін келеді: «Қолымда аттанарда жоқ нәрсені Барғанда тәңірі алдына, қалай таптым?» [1,81].

Мәшһүр өлеңдеріндегі ХХ ғасырдың бас кезінде анахронизм болып көрінетін дидактикалық сарынның басымдылығы, өзі айтқандай, ақылы тасығандықтан емес, өмірдің мән-мағынасын, мақсатын аз күн қызықпен алданып жүрген қараңғы халқына шамасы келгенше түсіндіру ниетінен туған. Реті келгенде айта кететін нәрсе, ғылымда емес, қарапайым халықтық дүниетанымда ғылым-білім түгілі, діннен де хабары жоқ, отбасы-ошақ қасында өмірін өткізетін жалпақ жұрттың ауызекі тілінде «жалған», «жалған дүние» ұғымы болуы, біз білетін батыс-шығыс халықтарының ішінде қазаққа ғана тән нәрсе. Бұл халықтық философияның тереңдігін, қазақша ойлау типінің философиялық-абстрактылық типке көп ойысатынын көрсетеді.

Мәшһүрдің өзі де ұстанған, өзгеге де үйретуге жалықпаған принципі: «Ақымақтың тізгіні — құлағы! Ғақылдының тізгіні — көңілі. Ақымақ не нәрсені естісе, естігеніне қанағат қылады. Қатықтай қатып, сүттей ұйып жүре береді. Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмайды, ақылына салып, көңілінің дауалауына тоқтайды» [1,12]. Көп оқып, көп естіген Мәшһүр өмір туралы толғанғанда «жалған дүние» ұғымын дамыта отырып, өмір — ойын деген қорытындыға да келеді. Бұл жерде шығыстың көне заманғы ғұламаларының қым-қиғаш, жанталас адам өмірін шахмат ойынына тенегені еске түседі.

Мәшһүр адам өмірін дойбы ойынымен салыстырады: тас жегізіп, биге шық, өкінбейсін. Бұл өмірде берсең — аласың, сондықтан: «Тартынбай соқ ойынды бұзып-жарып. Тас бетіне қарама, кетсін алып», — дейді

Бірден үшті жегізең, тасты аямай,
Отырасың оп-онай биге барып [1,152]

Не бермей, не алмай, қорғалақтап күн кешкенше, өмірмен иық тіресе аларлық қарсылас болуға шақырады. Ақынның бұл идеясы — қазақ топырағына сіңіспеген, А.С. Пушкиннің «Пиковая дама» повесінің желісі бойынша жазылған операдағы Германның «Біздің өмір немене? — ойын ғана» (Что наша жизнь? — Игра) деп басталатын ариясындағы негізгі ой еді.

Дүниетаным діндегін құрайтын негізгі концептің бірі — уақыт. Қазақ халқының ауызекі тілінде «уақыт» деген ғылыми термин емес, «заман», «дүние», «өмір» сөздері жиі қолданысқа ие. Ғылымның соңғы жылдардағы жеткен ірі жетістіктерінің бірі — «уақыт» ұғымы осы дүниеге, физикалық өмірге ғана қатысты да, трансценденттік дүниеде біздің үйреншікті ұғымымыздағы, өткен шақтан осы шақ арқылы келер шаққа [болашаққа] бағытталған бір сызықтық [линейное время] уақыт жоқ. А. Эйнштейннің XX ғасырдың бас кезінде ойлап тапқан салыстырмалылық теориясы уақытты үш өлшемді біздің кеңістіктің төртінші өлшемі етіп алды. «Заман», «дүние», «өмір» сөздерінің «уақыт» ұғымын қамтуы да осы бір терең эзотерикалық мағлұматтың халық санасында ежелден қалыптасқанын көрсетеді. Басқа тілдерде, мысалы, орыс тілінде, «өмір — жизнь», «дүние — мир» сөздерінің баламалары уақыт ұғымымен бұлай тығыз байланысты бола қоймайды.

Мәшһүр өлендерінде де өмір — білінбей қасымыздан ұрланып өте беретін уақыт: «Ай менен күн өмірдің ұрысы екен, Бидайдай желге ұшырып өмірінді Екеуі тауысуда, біл пайымдап»

[1,82]. Адам өмірі — бөйге, дүниеге шыр етіп түскен күнің — өлім атты көмбеге бірінші қадам басқан күнін:

Дүниеде шапқан аттай өткен ғұмыр,
Қарақшы — көрдің басы, бөйгелі жер.
Кім озып, кім қалуы мағлұм емес,

Бөйге алсан, сол жерде озып, болдың ғой ер [1,100]. Мәшһүр түсінігінде сол қарақшыға құр қол бармау керек, жиған-тергенінді — жан байлығын [ақыл, тәжірибе, жақсылық] ала бару керек. Фольклорлық дүние — базар образы Мәшһүр өлендерінде кең тараған, сол базардан алақтап бос кетпеуді уағыздайды:

Базарға келіп едің ат терлетіп,
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп,
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсен,
Жүрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп [1,88-89].

Өмір — өлшеп берілген уақыт болғандықтан, оны бос өткізбеу керек. Мәшһүрше, өмір дегеніміз — ілгері жылжу, ауыз толтырып айтарлықтай бірнәрсе тындыру. Ойшыл Мәшһүрді қынжылтатыны: «Әркім жеткен жерінде сенделіп жүр, ілгері ойламайды басайын деп» [1,88], сондықтан жастарға: «Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп, Жұмысың жабдықталсын ерте бітіп» [1,89], деп ақыл айтуды өзіне парыз санайды.

Халық поэзиясында адам өмірінің белестерін тан, түс, кешкі мезгілге, жыл мезгілдері — жаз, күз, қыс, көктемге — теңеу дәстүрі қалыптасқан. Бұл теңеулер — универсалдық теңеулер, адамның логикалық ойлау заңдылықтарынан туындаған, бар адамзат қоғамына тән теңеулер. Орыстың ұлы ақыны С. Есенин дүниеден өтерінен бір жыл бұрын, өлі жастығымен қоштасып үлгермеген 29 жасында өз өмірін, көктем күнінің елең-алаң таңғы мезгілімен салыстырған:

Жизнь моя! Иль ты приснилась мне?
Словно я весенней гулкой ранью
Проскакал на розовом коне.

Сөзбе сөз аудармасы:

Өмір! Әлде көрдім бе сені түсімде?
Алқызыл атпен шауып өткендеймін
Көктемнің жаңғырыққан ақ таңында.

Өмірден жастай өткен С. Есенин өз ғұмырын дыбысты [бұл жерде: жас кездегі келген атақ-даңқты] алысқа іліп әкететін таңғы алакеуіммен, көктеммен салыстырса, орта жастан асқан Мәшһүр өмірін түс ауған шаққа, күзге теңейді: «Жастықта біздің бастан бөрі кешті, Ақыл-ой түс ауған соң жаңа түсті» [1,92], «Жазғытұрым емес біз, болдық кой күз, Қыс боп қалдық дегенше күдерді үз» [1,81]. Мәшһүр өлендерінде заман ағымына

қарай жаңа теңеулер де жетерлік: «Жылым — қой, жасым биыл жетпіс үште» өлеңінде өткен өміріне көз сала отырып, азап-қиыншылығы мол, қызық-думаны аз ғұмырын жайдары жазбен емес, сұрықсыз суық, жауын-шашынды ерте көктеммен салыстырады: «Өмірімде көрмей өттім жылы жазды», «Март болмадық, марттай болдық» [1,140]. Апрель, май емес, март айына ызғарымен, суықтығымен ұқсаған Мәшһүр өмірін айтқанда, бұл жерде де С. Есениннің (май мой синий, июнь — голубой) «көкпенбек май, көгілдір июнім» деген имажинистік образдары еріксіз еске түседі.

Философиялық жүйе «адам» ұғымынсыз толық болмайды. Мәшһүрдің ойынша, адамды адам ететін — оның басқаларға тигізетін, жұртқа жасаған жақсылығы. Мәшһүрдің адаммын дейтін жанға ұсынатын бағдарламасы — альтруистік бағдарлама: «Адам» мен «адамгершілік» — түбірлес сөздер екенінің өзі «адам» анықтамасындағы мағыналық басымдылық осы моральдық-этикалық болуы керек екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда Мәшһүр адамды үш түрге бөледі: бірі — басқаларға пайдасы бар жеміс ағашы, екіншісі — өзінен басқаға пайдасы жоқ, ең аяғы көленке де бермейтін терек ағашы, үшіншісі — басқаға зиянын тигізетін тікен сияқты. Бұл теңеулер адам мінезі аспектісінде де жалғасын табады: жұртқа берер жемісі бар (пайдасы бар) ғалым адам кішіпейіл, қарапайым; надандар теректей аспандап, көзге түскіш; тікенге жан жуымайды:

«Мәуесі басқа ағаштан көп болғаннан
Көтермес үзім ағашы жерден басын» [1,84].
«Терек қанша аспанмен таласқанмен,
Бұлттан биік болып бойы аспайды»
«Зарарлы болсаң жұртқа, болдың тікен,
Қыларсың жазды — жапан шөлді, — мекен» [1,84].

Этикалық тұрғыдан сараптай келе, өзімен тегі бірлермен — адамдармен ғана қоғам құрып, адам тегін сақтай алатындарды үшке бөле отырып, Мәшһүр адамды жеке алып қарағанда ақ пен кара, жақсы мен жаманы аралас пенде ретінде қарастырады. Адам бойындағы жаманын көру қиын емес, ол сыртта мен мұңдалап тұрады, су түбіндегі асыл тас сияқты жақсыны көре білу, бағалай білу керек. Адам өз бойындағы жақсы қасиеттерді өсіріп, жаманын жоюы керек, басқаның бойындағы «қараға» кешіріммен қарап, оны түзеуге көмектесу — парыз деп түсінеді Мәшһүр. Ал өзіне келгенде басқалардан осындай ықылас көре алмай, жанына дос таба алмай, ұлы замандасы Абай сияқты көкірегі шерге толып өтті:

Бір жағың ақ болғанда, бір жақ кара,
Төңірі солай жаратқан, бар ма шара?

«Ақ жағыңнан көретін көзді жоқ боп,
Өңшең соқыр қарайды кара жақтан» [1,125].

Мәшһүрдің қаламынан шыққан дүниенің бәрі, соның ішінде өлеңдері — тұнған философиялық толғаулар. Мәшһүр өлеңдерінің сол заманғы ақындар мұрасынан ерекшелігін сараптай келе, екі нәрсені айта кету керек: Біріншіден, бұл — мазмұны тұрғысынан алсақ, философиялық пайымдаулар, ақын болып көзге түсу үшін емес, халқына сәл де болса пайдам тисін деген мақсатпен өзінің қиыншылығы мол өмірінде оқыған, білген-түйген нәрселерін кейінгіге сабақ болсын деп жазып кеткен өлеңдер. Сырлы сурет поэзиясы емес, ой поэзиясы екенін, санадан шығып санаға қонуы керек ойлар екенін ақынның сөз қолданысында «ми» (ойлау қабілеті) сөзінің көп кездесетіні де көрсетіп тұр: «Ой түбіне жете алмай миым катып» [1,80], «Қалмады ойлай-ойлап басымда ми» [1,88], «Деп айтпас миы бар жан бұрыс екен» [1,82] т.б.

Екіншіден, формасы тұрғысынан алсақ, Мәшһүр өлеңдері барынша қарапайым, кейде қарабайырлау болып көрінуі де мүмкін. Шын асыл сыртқы жылтырақта емес, ішкі дүниеде көзге түспей жатады деп есептейтін Мәшһүр өз өлеңдерін әрлеп-өшекейлемей, күрделі ой-пайымдауларын қарапайым сөзбен, қарапайым ырғақпен, түсінікті тілмен бере білген. Мәшһүр «Тандамалысына» жазған алғы сөзінде С. Дәуітов ақынның ақындық та, адамдық та болмысын дәл көрсетіп былай дейді: «М.Көпеев өлеңінің айрықша бір қасиеті — қарапайымдылығында. Ол айырықша бояу, тыңнан жаңалық іздемейді, жұртты таңырқата қояйыншы деген ой онда атымен жоқ. Тек өз өлеңдерінде шындықты айтып, халықтың қамын білдіреді» [1,18].

Мәшһүр Жүсіптің ақындық шығармашылығы түгелімен оның азаматтық позициясына, бағдарламасына қызмет етеді. Бар өмірін, талантын халқы үшін сарп етіп, өмірдің қызықшылығынан баз кешкен, халқының маңдайына біткен біртуар ұлдарының бірі — Мәшһүр сыртқы боямасы жоқ, өзіне тән қарапайым тілмен жүрегі езіле «Қазақай, мен өлгенде сенен өлдім», — [1,01] деп, қазағының қамын ойлаумен дүниеден өткен ақын.

ӘДЕБИЕТ

1. Көпеев М.Ж. Тандамалы. Алматы: Ғылым, 1990. 272-б.
2. Безант А. Постигание великой мистерии древней мудрости. СПб., 2005. 121 с.
3. Дала уалаятының газеті. Алматы: Ғылым, 1989. 656-б.

маларды бөлшектесе, циклді өлендердей, әрқайсысы өз алдына дербес шығарма болып шыға келеді. Сол шоғыр поэмаларды, шоғыр өлендердей, тұтастырып тұрған алтын қазық — ортақ тақырып, негізгі идея. Ал әрбір поэма тұтас, бүтін бір туындының бөлшектері, тармақтары сияқты.

Қазақ поэзиясында поэманың бұл түрі жаңа-жаңа көктеп, бой көрсете бастады. Циклді поэмалардың мысалы ретінде ақындар Ә. Тәжібаевтың “Маяковскиймен әңгіме”, “Нартай”, Ж. Нәжімеденовтың “Келін”, “Қанды сүт”, “Көзсіз батыр”, “Соңғы махаббат”, “Мандай” атты поэмалары аталып жүр.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ әдебиетіндегі орын тепкен поэманың түрлері мыналар: сюжетті-эпикалық поэма, лирика-публицистикалық

поэма, очерк-поэма, драмалық поэма, циклді поэмалар. Бұлардың ішінен мол дамып, кең өріс алғаны сюжетті-эпикалық, лирика-публицистикалық поэмалар. Ал онша өрістеп, кең орын алып кетпесе де очерк-поэма, драмалық-поэма, циклді поэмалар қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының жаңара, байи түскенін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 2002.
2. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы (Зерттеулер). Алматы, 1987.
3. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы — көркемдік кепілі. Алматы, 1984.
4. Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы. Зерттеу. Алматы, 1982.